

Менің университетім

Жанар осы жылы 11 сыныпты аяқтайды. Содан ол университетте оқитын әпкесі Айжаннан студент болу қалай екенін сұрады:

-Айжан әпке, сіздің заңгер мамандығында оқып жатқаныңызға үш жыл болды, заңгер мамандығында оқу қиын ба?

-Иә, себебі уақытыңның көп бөлігі заң жаттаумен өтеді, әрі дәрістер де қиын, оқытушылар көп тапсырма береді. Ал сен қандай мамандық таңдадың?

-Мен қазақ тілі мұғалімі болғым келеді. Алайда қай қалада оқитынымды білмеймін. Сізге Астана қаласында оқыған ұнайды ма?

-Астана қаласы маған ұнамайды. Себебі қыста қатты суық, жазда ыстық. Алайда, мен көбіне сабақ оқып, тек жатақханада боламын.

-Сіздің университетіңізде қанша оқытушы бар?

-Менің университетімде 700 оқытушы бар. Көп оқытушылар шетелден келген. Мысалы менің ректорым Англиядан келген, бірақ қазақша өте жақсы сөйлейді.

-Тамаша, студенттер бос уақытында немен айналысады?

-Студенттер кітапханаға барып сабақ оқиды, клубтарға қатысады, ертеңгі дәрістеріне дайындалады.



-Керемет, тезірек студент болсам екен!

Тапсырма:

Дұрыс/бұрысын анықта

	Дұрыс	Бұрыс
Айжан заңгер мамандығында оқиды		
Айжанға оқытушылар аз тапсырма береді		
Айжанның ректоры Америкадан келген		
Университетте 700 оқытушы бар		
Студенттер бос уақытында кітапханаға барып сабақ оқиды, кулбтарға қатысады, ертеңгі дәрістеріне дайындалады		

Айжанның университеті туралы жазып шық



Университет

